

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ СОТЫ

КОНСУЛЬТАТИВТІК ҚОРЫТЫНДЫ

2017 жылғы 4 сәуір

Минск қаласы

Еуразиялық экономикалық одақ Сотының мынадай құрамдағы Үлкен алқасы:

Төрағалық етуші А.А.Федорцов,
баяндамашы судья Т.Н. Нешатаева,
судьялар А.М. Ажибраимова, Э.В. Айриян, Ж.Н. Бәйішев,
Д.Г. Колос, В.Х. Сейтімова, Г.А. Скрипкина, А.Э. Туманян, К.Л. Чайка,
сот отырысының хатшысы А.А. Панованың қатысуымен іс материалдарын зерттеп, баяндамашы судьяны тыңдап,

Еуразиялық экономикалық одақ Соты Статутының 46, 50, 68, 69, 73, 96, 98-тармақтарын, Еуразиялық экономикалық одақ Соты Регламентінің 72, 85-баптарын басшылыққа ала отырып,

Беларусь Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты түсіндіру туралы өтініші бойынша мынадай Консультативтік қорытынды береді.

I. Өтініш берушінің сұрағы

Беларусь Республикасының Әділет министрлігі (бұдан әрі - өтініш беруші) Еуразиялық экономикалық одақ Сотына (бұдан әрі – Сот) 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың (бұдан әрі - Шарт) 74, 75, 76-баптарының ережелерін түсіндіру туралы өтінішпен жүгінді.

Шарттың 76-бабының 4-тармағына сәйкес шаруашылық жүргізуші субъектілер (нарық субъектілері) арасында 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 19 қосымша болып табылатын Бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен қағидалары туралы хаттамада (бұдан әрі – Хаттама) белгіленген жол беру критерийлеріне сәйкес келетін «сатылы» келісімдерді қоспағанда, «сатылы» келісімдерге тыйым салынады.

Хаттаманың II бөлімнің 6-тармағында, егер коммерциялық концессияның шарттары болып табылса; мұндай келісімнің қатысушысы болып табылатын, «сатылы» келісімнің нысанасы болып саналатын әрбір шаруашылық жүргізуші субъектінің (нарық субъектісінің) үлесі тауардың

тауар нарығында 20 пайыздан аспаса, «сатылы» келісімге жол берілетіні белгіленген.

Өтініш беруші Соттан Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – ЕАЭО, Одақ) заңнамасында «сатылы» келісімдерге өзге де жол беру критерийлерін белгілеу мүмкіндігі тұрғысынан көрсетілген ережелерді түсіндіруді сұрайды.

II. Соттың құзыреті

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 101 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ Соты Регламентінің (бұдан әрі – Сот Регламенті) 72-бабына сәйкес түсіндіру туралы өтініштер бойынша сот ісін жүргізу түсіндіру туралы өтінішті, түсіндіру туралы өтініште белгіленген мәселеге жататын өзге де құжаттар мен материалдарды не мұндай құжаттар мен материалдардың куәландырылған көшірмелерін беруді, сондай-ақ Соттың консультативтік қорытынды дайындауын қамтиды.

Сот 2017 жылғы 11 қаңтардағы қаулысымен Беларусь Республикасы Әділет министрлігінің Шартты түсіндіру туралы сұрау салуын қарауға қабылдап, онда мынаны атап өтті.

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 2 қосымша болып табылатын Еуразиялық экономикалық одақ Соты Статутының (бұдан әрі – Сот Статуты) 46-тармағына сәйкес Сот Одаққа мүше мемлекеттің немесе органының өтініші бойынша Шарттың, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттар мен Одақ органдары шешімдерінің ережелерін, сондай-ақ Одақ органдары мен Соттың қызметкерлері мен лауазымды адамдарының өтініші бойынша Шарттың, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттар мен Одақ органдарының еңбек құқықтық қатынастарына байланысты шешімдерінің ережелерін түсіндіруді жүзеге асырады.

Сот Статутының 49-тармағына сәйкес Сотқа мүше мемлекет атынан түсіндіру туралы өтінішпен жүгінуді тізбесін әрбір мүше мемлекет айқындайтын мүше мемлекеттің уәкілетті органдары мен ұйымдары жүзеге асырады және ол Сотқа дипломатиялық арналар арқылы жіберіледі.

Беларусь Республикасы Сыртқы істер министрлігі 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-31/4374 нотамен Сотты «Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Беларусь Республикасы Президентінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 43 Жарлығының 1-тармағында Беларусь Республикасы Әділет министрлігінің Еуразиялық экономикалық одақтың Сотына Шарттың, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттардың және Одақ органдары шешімдерінің ережелерін түсіндіру туралы өтінішпен жүгінуге уәкілеттік

берілген орган болып табылатындығының белгіленгені туралы хабардар етті.

Сот Регламентінің 10-бабының 2-тармағына орай түсіндіру туралы өтінішке Сот Регламенті 31-бабының 1-тармағында көрсетілген адам қол қояды.

Сот Регламентінің 31-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сай Сот Статутының 49-тармағына сәйкес айқындалған мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен ұйымдарының басшылары Сотта мүше мемлекеттердің өкілдері бола алады. Өтінішке Беларусь Республикасының Әділет министрі – Сотқа Сот Статутының 46 және 49-тармақтарында көзделген тәртіппен жүгінуге уәкілеттік берілген органның басшысы қол қойған.

III. Соттағы рәсім

Сот Статутының 68-тармағына сәйкес түсіндіру туралы істерді қарау тәртібі Сот Регламентінде айқындалады.

Сот Статутының 73-тармағында Сот түсіндіру туралы істерді Соттың Үлкен алқасының отырыстарында қарайтыны көзделген.

Сот Істі қарауға дайындау шеңберінде Еуразиялық экономикалық комиссияға, мүше мемлекеттердің бәсекелестік саласындағы бақылауға жауапты министрліктері мен ведомстволарына, монополияға қарсы реттеу және бәсекелестікті қорғау мәселелерін зерттейтін ғылыми мекемелерге сұрау салу жіберді және Қырғыз Республикасының Үкіметі жанындағы Монополияға қарсы мемлекеттік агенттіктен, Армения Республикасы Ұлттық ғылым академиясының М. Котанян атындағы Экономика институтынан, Қырғыз Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Д.А. Алышбаев атындағы Экономика институтынан, Беларусь Республикасының Монополияға қарсы реттеу және сауда министрлігінен, Ресейдің Монополияға қарсы федералдық қызметінен, Армения Республикасының Экономикалық бәсекелестікті қорғау жөніндегі мемлекеттік комиссиясынан, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінен, Е.Т. Гайдар атындағы Экономикалық саясат институтынан жауаптар алынды.

Беларусь Республикасының Әділет министрлігі Сотқа Беларусь Республикасын Сыртқы істер министрлігінің, Беларусь Республикасы Монополияға қарсы реттеу және сауда министрлігінің және Беларусь Республикасының Заңнама және құқықтық зерттеулер ұлттық орталығының қорытындыларын жіберді.

Еуразиялық экономикалық комиссия Сотқа өз қорытындылары мен Сот сұратқан қосымша құжаттарды жіберді.

IV. Соттың тұжырымдары

Соттың Үлкен алқасы 1969 жылғы 23 мамырдағы Халықаралық шарттардың құқығы туралы Вена конвенциясының 31-бабын ескере отырып, халықаралық-құқықтық нормаларды түсіндіруді жүзеге асырады.

1. Сот монополияға қарсы реттеу саласының Одақтың құзыретіне жататындығын не жатпайтындығын немесе Одаққа мүше мемлекеттердің бұл салада ұлттық заңнама нормаларын қабылдай алатынын не қабылдай алмайтынын анықтауы керек.

Одақ Шарттың 3-бабына сай өзінің қызметін Шартқа сәйкес оған мүше мемлекеттер берген құзыреті шегінде өзге мәселелермен бірге нарықтық экономика және адал бәсекелестік қағидаттарын сақтау негізінде жүзеге асырады.

Шарттың 1-бабында Одақта үйлестірілген, келісілген немесе бірыңғай саясат іске асырылатыны белгіленген, бұл біркелкі құқықтық реттеудің түрлі дәрежесін көздейді.

Шарттың 2-бабында «бірыңғай саясат» мүше мемлекеттер өздері айқындаған, осы Шартта көзделген салаларда жүзеге асыратын, мүше мемлекеттердің біріздендірілген құқықтық реттеуді, оның ішінде Одақ органдарының өз өкілеттіктері шеңберіндегі шешімдері негізінде қолдануын көздейтін саясат ретінде айқындалады.

«Келісілген саясат» - мүше мемлекеттер әртүрлі салаларда жүзеге асыратын, Одақтың Шартта көзделген мақсаттарына қол жеткізу үшін қажет болатындай дәрежеде құқықтық реттеуді, оның ішінде Одақ органдарының шешімдері негізінде реттеуді үйлестіруді көздейтін саясат;

Шарттың 2-бабы Соттың Үлкен алқасына белгілі бір саланы бірыңғай саясатқа жатқызу үшін мынадай шарттарға сәйкес келуі қажет екені туралы қорытынды жасауына мүмкіндік береді:

- 1) біріздендіріліген құқықтық реттеудің болуы;
- 2) мүше мемлекеттер өздерінің ұлтүсті жоғары өкілеттіктері шеңберінде осы саладағы құзыретін Одақтың органдарына беру.

Қоғамдық қатынастар саласын үйлестірілген саясатқа жатқызу үшін жалпы ұстанымдарды, оның ішінде Одақ органдарында мақұлданғандарын және олардың Одақтың мақсаттарына қол жеткізуге бағытталғандығын белгілеу жеткілікті.

Монополияға қарсы реттеу саласындағы біріздендіру Шарттың 74-бабының 2-тармағына сәйкес трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын белгілейтін Шарттың 76-бабы, сондай-ақ Хаттама шеңберінде жүргізіледі. Шарттың 74-бабының 2-тармағына, Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің «Нарықты трансшекаралық

нарыққа жатқызу критерийлерін бекіту туралы» 2012 жылғы 19 желтоқсандағы № 29 шешімінің 2-тармағына сәйкес, егер географиялық шекаралары екі және одан көп мүше мемлекеттің аумағын қамтыса, нарық трансшекаралық нарық деп есептеледі.

Ұлтүсті жоғары органның бәсекелестік саясат саласында құзыретінің болуын мүше мемлекеттердің Еуразиялық экономикалық комиссияға – Одақ органына, егер бұзушылықтар трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестікке, атап айтқанда айыппұл санкцияларын қолдану нысанында теріс әсер етсе немесе әсер етуі мүмкін болса (Хаттаманың 1-тармағы) мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің (нарық субъектілерінің), сондай-ақ мүше мемлекеттердің жеке тұлғаларының және шаруашылық жүргізуші субъектілері (нарық субъектілері) болып табылмайтын коммерциялық емес ұйымдарының бұзушылықтарының жолын кесу нысанында бәсекелестіктің жалпы қағидаларының сақталуын бақылау жөніндегі өкілеттіктерді бергенін растайды.

Осылайша, трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестікті қорғау саласындағы қағидалар Одақтың құқығымен реттелген және бірыңғай саясатқа (ұлтүсті реттеу) жатады.

Ұлттық нарықтарда бәсекелестікті қорғауға қатысты Соттың Үлкен алқасы бұл саладағы құқықтық реттеу Шарттың 75 – 76-баптарында мүше мемлекеттердің заңнамасында дамуы мүмкін бәсекелестіктің жалпы қағидадары мен қағидаларын бекіту арқылы белгіленгенін атап өтеді.

Бұл ретте Шарттың 74-бабының 3-тармағында мүше мемлекеттерге өзінің заңнамасында қосымша тыйым салуды, сондай-ақ Шарттың 75 және 76-баптарында көзделген тыйым салуларға қатысты қосымша талаптар мен шектеулерді белгілеуге құқық береді.

Жоғарыда келтірілген құқық нормаларын компаративтік талдау трансшекаралық нарықтарда бәсекелестікті қорғау Одақтың бірыңғай саясатын, ал ұлттық нарықтарда бәсекелестікті қорғау үйлестірілген саясатты білдіреді деп тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Өз кезегінде Шарттың 74-бабының 4-тармағына сәйкес мүше мемлекеттер, егер үшінші елдердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің (нарық субъектілерінің) әрекеттері мүше мемлекеттердің тауар нарықтарындағы бәсекелестік жағдайына теріс әсер етуі мүмкін болса, мұндай әрекеттерге қатысты келісілген бәсекелестік (монополияға қарсы) саясатын жүргізеді.

Осылайша, Одақтың бәсекелестік құқығы қолданылуы 1) нарықтың сипаты (ұлттық немесе трансшекаралық) және 2) шаруашылық жүргізуші субъектісінің (мүше мемлекеттің нарық субъектісінің немесе үшінші елдердің нарық субъектісінің) ұлты сияқты критерийлерге қарай саясаттың барлық үш түрін қамтиды.

2. Жоғарыда жазылғандар Соттың Үлкен алқасына бәсекелестіктің жалпы қағидалары тікелей қолданылады және оларды мүше мемлекеттер халықаралық шартта бекітіліп берілген нормалар сияқты тікелей қолдануға тиіс деп қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Ұлттық заңнамада өз кезегінде белгіленген жалпы ұстанымдарға қатысты қосымша талаптар, шектеулер және тыйымдар қамтылуы (Шарттың 74-бабының 3-тармағы) мүмкін.

Одақта бәсекелестікті реттеуге қатысты Соттың Үлкен алқасы Шарттың 74-бабы мүше мемлекеттерге өзінің ішкі нарығында бәсекелестік қатынастарын реттеу кезінде белгілі бір қалау еркіндігін беретінін атап өтеді.

Мұндай қалау еркіндігі мемлекеттің құқық нормаларын қабылдау кезінде өзінің ішкі нарығын дамыту мен трансшекаралық нарықтың тиімді жұмыс істеуі арасындағы ешқандай мүше мемлекет не Одақтың ешқандай органы бір-бірінің құзыретіне араласпауға тиіс екенін көздейтін ақылға қонымды теңгерімді табуға тиіс.

Одаққа мүше мемлекеттер Шарттың 4-бабында Одақ шеңберінде тауарлардың, қызметтер көрсетудің, капиталдың және еңбек ресурстарының бірыңғай нарығын қалыптастыруға ұмтылатыны туралы мәлімдегенін ескеріп, Соттың Үлкен алқасы бұл үшін Одаққа мүше мемлекеттер түрлі құқық қолдану практикасын қалыптастыруды және осының салдарынан Одақ аумағында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін тең жағдайдың жасалмауын болғызбайтындай түрде заңнаманы үйлестіруі керек деп есептейді.

3. Шарттың 74-бабының 1-тармағында мүше мемлекеттер аумақтарындағы бәсекелестікке қарсы әрекеттерді, екі және одан да көп мүше мемлекеттердің аумақтарында трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестікке теріс әсер ететін әрекеттерді анықтауды және олардың жолын кесуді қамтамасыз ететін бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен қағидаларын белгілеу Шарттың XVIII бөлімінің нысанасы болып табылатыны көзделген.

Шартта онда мүше мемлекеттердің аумақтарында да және трансшекаралық нарықтарда да бәсекелестік мәселелерін реттейтін жалпы қағидаттар мен қағидалардың қамтылғаны көзделген.

Шарттың 74-бабының 7-тармағына орай Шарттың XVIII бөлімінің ережелерін түсіндіру Хаттамаға сәйкес жүзеге асырылады.

Хаттаманың 1-тармағында бұл Хаттаманың өзге мәселелермен бірге Шарттың XVIII бөліміне сәйкес әзірленгені көрсетілген және оның ережелерін өрбіте отырып, Хаттама «сатылы» келісімдерге жол берушілік критерийлерін мынадай тәсілмен белгілейді.

Хаттаманың 2-тармағының 1-тармақшасына сәйкес «сатылы келісім» деп Хаттамада белгіленген жол беру критерийлеріне сәйкес жол беруге болады деп танылатын «сатылы» келісімдерді қоспағанда, шаруашылық жүргізуші субъектілер (нарық субъектілері) арасындағы келісім түсініледі.

Шарттың 76-бабының 4-тармағына орай Хаттамада белгіленген жол беру критерийлеріне сәйкес жол беріледі деп танылатын «сатылы» келісімдерді қоспағанда, шаруашылық жүргізуші субъектінің (нарық субъектісінің) тауарын сатпау міндеттемесі көзделсе, «сатылы» келісімдерге тыйым салынады.

Шарттағы «сатылы» келісімдерге қатысты тыйымдар 76-баптың 4-тармағында жазылған және келісімдердің мазмұнына қатысты болады:

1) сатушы сатып алушы үшін тауарды қайта сатудың мейлінше жоғары бағасын белгілейтін жағдайды қоспағанда, мұндай келісімдер тауарды қайта сату бағасын белгілеуге әкеп соғады немесе әкеп соғуы мүмкін;

2) мұндай келісімдерде сатып алушының сатушыға бәсекелес болып табылатын шаруашылық жүргізуші субъектінің (нарық субъектісінің) тауарын сатпау міндеттемесі көзделеді.

Тізбеленген шарттарды қамтитын келісімдер Хаттамада белгіленген жол беру критерийлеріне сәйкес жол беріледі деп танылатын «сатылы» келісімдерді қоспағанда, тыйым салынған болып табылады.

Хаттаманың 6-тармағында «сатылы» келісімге жол берудің екі критерийі бекітілген:

1) мұндай келісімдер коммерциялық концессияның шарттары болып табылады;

2) мұндай келісімнің қатысушысы болып табылатын, «сатылы» келісімнің нысанасы болып табылатын әрбір шаруашылық жүргізуші субъектінің (нарық субъектісінің) үлесі тауардың тауар нарығында 20 пайыздан аспайды.

Соттың Үлкен алқасы жоғарыда тізбеленген критерийлердің екіншісі:

мұндай келісімге қатысушы болып табылатын шаруашылық жүргізуші субъект (нарық субъектісі) – субъектінің сипаттамасына;

«сатылы келісімнің» нысанасы болып табылатын тауардың тауар нарығы – тауар нарығының сипаттамасына сүйене отырып, есептелгенін атап өтеді.

Осылайша, ЕАЭО құқығының нормалары «жол беру критерийлері» мен «тыйым салу» ұғымдарының арасын бөледі, бұл ретте жол беру критерийлерінің тізімі Шарттың 76-бабының 4-тармағында бекітілген тыйымдарды қамтымайды.

Жол беру критерийлері «сатылы» келісімдер үшін ғана белгіленеді, олардың императивтік сипаты болады және шаруашылық жүргізуші субъекті әрекетінің заңдылығын және ақылға қонымдылығын бағалау үшін

маңызды, бірақ тауар нарығына қатысушылардың нақты теңдігін де және ЕАЭО шеңберінде «сатылы» келісімдерді біркелкі құқықтық реттеуді де қамтамасыз ететін құрал болып табылмайды.

Өз кезегінде Шарттың 76-бабында шаруашылық жүргізуші субъектілердің кейбір санаттарына, тауарларға және келісімдерге қатысты тыйымдар белгіленетінін ескеріп, үйлестірілген ұлттық заңнамада көрсетілген талапқа қосымша ретінде осы санаттарда мемлекеттердің ішкі тауар нарығының жұмыс істеу шарттарын ескеретін қосымша талаптар, шектеулер мен тыйымдар белгіленуі мүмкін.

Бұл норманы түсіндіру үшін онда пайдаланылған «тыйым салу» мен «жол беру критерийлері» терминдерінің әдеттегі мәндеріне сәйкес түсіну қажет. Бұдан басқа, «қосымша» және «өзге» анықтауыштары арасындағы айырманы айқындау керек.

«Тыйым салу» – бір нәрсені жасауға рұқсат бермеу, тыйым салу; ал «жол беру критерийлерін» «негізге алынып рұқсат берілетінді, жол берілетінді, ықтималды, мүмкін болатынды бағалау жүргізілетін белгі» ретінде айқындауға болады. Тиісті мәнмәтінде пайдаланылатын «талап» және «шектеу» терминдерінің мынадай мағынасы бар екенін қосымша атап өту керек: талап – «норма, шарт, қайсыбіреулер, бір нәрселер сәйкес келуге тиіс шарттардың жиынтығы»; шектеу – «сығылысу», қайсыбіреуді, бір нәрселерді қандай да бір шекараға, шеңберге қою» (А.П. Евгеньеваның редакциясында шыққан төрт томдық «Орыс тілінің сөздігі»).

Осылайша, Шарттың 74-бабының 3-тармағының нормаларын сөзбе-сөз түсіндіру бұл норма мүше мемлекеттерге рұқсат ету нормаларын емес, тыйым салу нормаларын белгілеу құзыретін береді деп тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Соттың Үлкен алқасы өтініш берушінің Шарт ережелерін ұлттық заңнамада өзге де жол беру критерийлерін белгілеу мүмкіндігі тұрғысынан түсіндіруді сұрағанына назар аударады.

Көрсетілген сөздікте келтірілген анықтамаларға сәйкес «қосымша» анықтауышы «бір нәрсеге қосымша болып табылады» дегенді, ал «өзге» сөзі «басқа, ол емес, осыдан (немесе бұрынғыдан) ерекшеленетіндей емес» дегенді білдіреді.

Демек, Шарттың 74-бабының 3-тармағының нормасымен мүше мемлекеттерге өзінің ұлттық заңнамасында Шарттың 75 – 76-баптарында көзделген тыйымдардың, сондай-ақ талаптар мен тыйымдарға қатысты шектеулердің тізбесін толықтыруға құқық береді.

Шартта мүше мемлекеттер заңнамасының нормаларында «сатылы» келісімдердің өзге де жол беру критерийлерін белгілеуге мүмкіндік беретін ережелер қамтылмаған.

4. Соттың Үлкен алқасы «кез келген тауар нарығы» және «сатылы» келісімнің нысанасы болып табылатын тауардың тауар нарығы» ұғымдарының арақатынасы туралы мәселені де түсіндіру қажет деп есептейді.

Хаттаманың 2-тармағының 19-тармақшасында экономикалық, техникалық немесе өзге мүмкіндіктерге не орындылықты негізге ала отырып, шекараларда (оның ішінде географиялық) сатып алушы тауар сатып ала алатын және мұндай мүмкіндік не орындылық оның шегінен тыс жерлерде жоқ, басқа тауармен алмастырылмайтын немесе бірін-бірі алмастыратын тауар айналымының саласы деген «тауар нарығының» анықтамасы қамтылған.

Хаттаманың II бөлімі 6-тармағының 2-тармақшасында «кез келген тауар нарығы туралы емес, «сатылы» келісімнің нысанасы болып табылатын тауардың тауар нарығы туралы норма қамтылған.

Осыған байланысты, Соттың Үлкен алқасы Одақ құқығы екі құрамдас бөлік: азық-түліктік шекараны (нарықтары бір тауар нарығы ретінде бағаланатын алмастырушы тауарлардан тұратын тауар тобын) және географиялық шекараларды (сатып алушыда тауарлар сатып алудың экономикалық орындылығы болатын аумақты) негізге алып айқындалатын «тауардың тауар нарығы» ұғымына сүйенеді деп атап өтеді.

Осылайша, Соттың Үлкен алқасының пікірі бойынша ұлттық заңнамада шаруашылық жүргізуші субъектінің үлесіне кез келген тауар нарығында талдау жасалуға тиіс екендігі туралы қағидаларды белгілеу бір тауардың тауар нарығында бәсекелестік қағидаларын бұзу шаруашылық жүргізуші субъектілер адал әрекет етіп жатқан басқа тауар нарығында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезінде жауапкершіліктің пайда болуына әкеп соғуы мүмкін екенін білдіреді. Соңғысы құқықтық айқындылық қағидатына сай келмейді және мемлекеттік органдарға монополияға қарсы заңнаманың сақталуын бақылау кезінде шексіз дискреция береді, сондай-ақ шаруашылық жүргізуші субъектілерге кез келген тауар нарығының белгілі бір пайызынан көбін иеленетіндей етіп, өз қызметін құрылымдау жөніндегі міндетті жүктейді, бұл Шарттың 4-бабына сәйкес Одақтың негізгі мақсаттарына сай келмейді.

Тұжырым

5. Осылайша, Соттың Үлкен алқасы Шарттың 4-бабын, 74 – 76-баптарын, Хаттаманың II бөлімін өзара байланысты оқу Одаққа мүше мемлекеттердің «сатылы» келісімдердің белгіленген жол беру критерийлерін өзгерту құқығын көздемейді деген тұжырымға келді.

V. Қорытынды ережелер

Осы Консультативтік қорытындының көшірмесі өтініш берушіге жіберілсін.

Консультативтік қорытынды Соттың ресми интернет-сайтында орналастырылсын.

Төрағалық етуші

А.А. Федорцов

Баяндамашы судья

Т.Н. Нешатаева

Судьялар

А.М. Ажибраимова

Э.В. Айриян

Ж.Н. Бәйішев

Д.Г. Колос

В.Х. Сейтімова

Г.А. Скрипкина

А.Э. Туманян

К.Л. Чайка